

Бурабай аудандық мәслихаттың кейбір шешімдері өз күшін жойды деп тану туралы

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 5С-51/3 шешімі

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40 бабына сәйкес, Бурабай аудандық мәслихат

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Бурабай аудандық мәслихаттың келесі шешімдері өз күшін жойды деп танылсын:

1) «Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Бурабай ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемесін жоғарылату туралы» 2015 жылғы 3 наурыздағы № 5С-40/1 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4744 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 сәуірде аудандық «Бурабай» газетінде, 2015 жылғы 23 сәуірде аудандық «Луч» газетінде жарияланған);

2) «Бурабай ауданының Щучинск қаласының, елді мекендерінің жер учаскелеріне және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату (төмендету) пайыздарын бекіту туралы» 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 5С-38/3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4635 болып тіркелген, 2015 жылғы 12 ақпанда аудандық «Бурабай» газетінде, 2015 жылғы 12 ақпанда аудандық «Луч» газетінде жарияланған).

3) «Бурабай аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 06 қаңтардағы № 5С-38/3 «Бурабай ауданының Щучинск қаласының, елді мекендерінің жер учаскелеріне және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату (төмендету) пайыздарын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» 2015 жылғы 31 наурыздағы № 5С-41/3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4777 болып тіркелген, 2015 жылғы 14 мамырда аудандық «Бурабай» газетінде, 2015 жылғы 14 мамырда аудандық «Луч» газетінде жарияланған).

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң
Л І (к е з е к т е н т ы с)

Сессиясының төрағасы

М.Қаржаспаев

хатшысы

А у д а н д ы қ *м ә с л и х а т т ы ң*
Ө.Бейсенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ